

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2017 жылғы 20 ақпандағы № 9/11 "Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігін беру Қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2020 жылғы 8 маусымдағы № 49/6 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 10 маусымда № 6343 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7-бабына, Қазақстан Республикасы 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының "Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігін беру Қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" 2017 жылғы 20 ақпандағы № 9/11 шешімінің күші жойылды деп танылсын (2017 жылы 27 наурызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4104 болып тіркелген).

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күннен күнтізбелік он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жамбыл ауданы
мәслихатының төрайымы*

О.Овчинникова

*Жамбыл ауданы
мәслихатының хатшысы*

Б.Мусабаев